

Электрондық үкімет порталында алғашқы рет

Нұсқаулықпен танысу және БҚ орнату

Жеке тұлғалар үшін онлайн-өтінім беру

Заңды тұлғалар үшін онлайн-өтінім беру

ЭЦҚ қайта шығару

Электрондық үкімет порталында алғашқы рет

Электрондық үкімет порталында алғашқы рет?

Құрметті пайдаланушы! Егер сіз eGov.kz порталына алғашқы рет кіріп, онлайн-қызметтерді алуды және Жеке Кабинетті пайдалануды қаласаңыз, онда қадам-қадаммен мынадай әрекеттерді орныдаңыз:

1. Компьютерге Java, NCALayer БҚ және ҚР ҰКО түпкі сертификаттарын орнатыңыз.

- Java БҚ Java.com ресми сайтынан көшіріп алуға болады.
- NCALayer БҚ [ҚР ҰКО ресми сайтынан](#) көшіріліп алынады. Орнату үдерісі интуитивтік түсінікті, бірақ қиыншылықтар туындаған жағдайда [нұсқаулықты](#) (PDF) пайдалануға болады.

Түпкі сертификаттар да ҚР ҰКО сайтының [басты бетінде](#) орналасқан.



The screenshot shows the e.gov portal interface. At the top, there's a header with the e.gov logo and navigation links. Below the header, there's a main content area with a large banner featuring a hand holding a tablet displaying 'e.gov'. To the left of the banner, there's a sidebar with a search bar and language selection (KZ, RU, EN). Below the banner, there's a navigation menu with links like 'Басты бет', 'ҚР ҰКО туралы', 'Қызметтер', 'Жеке кабинет', etc. The main content area displays news and updates related to the NCALayer software and the Qazaqstan Republic's Electronic Signature Certificate (QRC) system. There are also contact information and a '1414' service number prominently displayed.

2. Порталда тіркеу және авторландыру, сондай-ақ онлайн-қызметтерді алу үшін қажетті ЭЦҚ алыңыз.

ЭЦҚ (электрондық цифрлық қолтаңба) – бұл электрондық құжатқа қолы қойылған және мөрмен бекітілген қағаз жеткізгіштегі құжат сияқты заң күшін беру үшін пайдаланылатын өзі қойған қолының аналогы.

- ЭЦҚ алуға өтінімді ҚР ҰКО сайтының арнайы бөлімі арқылы онлайн режимінде беруге болады. Өтінімді қауіпсіздік мақсатында дербес компьютерден беру ұсынылады.

Виртуалды кеңесші

○ Жеке тұлғадан онлайн-өтінімді беру. Нұсқаулық мына [сілтеме](#) бойынша;

○ Занды тұлғадан онлайн-өтінімді беру;

- Онлайн –өтінімді бергеннен кейін сізге оны растау үшін ХҚКО-ға бару қажет. Өзіңізбен бірге жеке куәлігіңіз бен басып шығарылған өтінім болуы қажет. тексергеннен кейін оператор растауды жасайды және сіз ЭЦҚ өз компьютеріңізге жүктеп, оған өз пароліңізді орната аласыз.

AUTH_RSA деп аталатын ЭЦҚ кілттердің RSA –дан айырмашылығы неде?

RSA электрондық құжатқа/сұрау салуға қол қоюға арналған, ал AUTH_RSA пайдаланушыны түпнұсқаға сәйкестендіруге, яғни кіруге/авторландыруға арналған.

ЭЦҚ қолданыс мерзімі 1 жыл, бірақ пайдаланушының ағымдағы ЭЦҚ мерзімі өтіп кетпей тұра, оны тағы бір жылға ұзартуға мүмкіндігі бар екендігін атап өтеміз. Мерзімін ұзарту бойынша нұсқаулықтар – жеке тұлғалар үшін, занды тұлғалар үшін.

ЭЦҚ түрлі аппарат жеткізгіштерінде сақтауға болады, бірақ бұл ретте ол бөтен қолға түспеуін жауапкершілікпен қадағалау қажет.

3. ЭЦҚ арқылы порталда тіркеліңіз. Тіркеу рәсімі интуитивтік түсінікті, бірақ сұрақтар туындаған жағдайда нұсқаулықты (PDF) пайдалануды ұсынамыз.

- Тіркеу бетіне өтіңіз, пайдаланушының келісімімен танысыңыз және «ЭЦҚ-пен тіркеу» батырмасын басыңыз;

- Парольді ойлап табыңыз және өз жеке e-mail көрсетіңіз. Пароль латын әліпбиінің жоғарғы және төменгі регистрдегі цифрлық және әріптік символдар комбинациясын қамтуы тиіс (кемінде 8 символ, бірақ 30 символдан артық емес);

- Өз ЭЦҚ (RSA) таңдаңыз және тіркеуді растаңыз.

Тіркелуден кейін және ЭЦҚ болған кезде сіздің алдыңызда электрондық үкіметтің eGov.kz. порталының барлық мүмкіндіктері ашылады. Сіздің қарамағыңызда көптеген электрондық мемлекеттік қызметтер мен сервистер болады, сондай-ақ сіз мемлекеттік ақпараттық жүйелерде сақталатын дербес деректерді мониторингілеуге көмектесетін Жеке Кабинетке қол жеткізе аласыз.

Оның үстіне, ЭЦҚ Ашық үкімет порталдарында авторландыруға және Elicense.kz электрондық лицензиялау порталында тіркелуге мүмкіндік береді.

Соңғы өзгеріс: 29.12.2017